

«Ұлы дала ұрпағы» конкурсы

07.11.19 «Ұлы дала ұрпағы» атты Республикалық байқауға ҚазБСҚА жанындағы колледждің төрт студенті қатысып, төртеуі де шығармашылық қабілеттерімен көзге түсіп жүлделі 1 - орындарды иеленді. КАрх-18-4* тобында оқитын Құмарғазы Ұлан «Ақындық өнер» номинациясы бойынша өз шығармашылығынан «Тәуелсіздік жаңғырығы» өлеңін оқыды, КДиз-18-2 тобында оқитын Абдолданов Тұрарбек «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» күйін орындады, КСЭЗС-18-2 тобында оқитын Мажит Байбекхан «Көркесөз оқу» номинациясы бойынша Серік Мақұлбекұлының «Оян қазақ, ойлан қазақ, бол қазақ!» өлеңін мәнерлеп оқыды және ҚазБСҚА-ның болашақ студенті 7 жасар Құмарғазы Алтынбек «Көркесөз оқу» номинациясы бойынша Қалқаман Сариннің «Тәуелсіздік» атты өлеңін мәнерлеп оқыды. Студенттер бар өнерлерін ортаға салып, байқаудың биік шыңынан көрінді.

Байқауға қатысуды ұйымдастырып, студенттерге жетекшілік еткен ҚазБСҚА колледжінің проф.ассист Нукеева Ақмарал Махамбетқызы да «Ұлы дала ұрпағы» атты Республикалық байқаудан құр алақан қайтпады. Шәкірттері шығармашылық қабілеттерімен ерекше көзге түсіп, жүлделі орындарға ие болғаны үшін «Ұздік ұстаз» Төсбелгісімен және Құрмет грамотасымен, Дипломмен марапатталды.



